


# БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ





АБАЙ АТЫНДАҒЫ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

# АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

## **Балалық шаққа саяхат** (Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған) **электронды библиографиялық көрсеткіш**

**ҚАРАҒАНДЫ**

**ӘОЖ 016:82.512.122**

**Б22**

**Жауапты:** Уатаева Б.Қ., Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының басшысы

**Құрастырушы:** Жамауова Ұ.Ө., инновациялық-әдістемелік бөлімінің әдіскері

Балалық шаққа саяхат. Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған: электронды библиографиялық көрсеткіш / Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы // Құраст.: Ұ.Жамауова. – Қарағанды, 2024. – 22 б.

## *Мазмұны*

<u>Құрастырушыдан.....</u>	5
<u>Өмірбаяны.....</u>	6
<u>«Менің атым Қожа» баспаға қалай дайындалды?.....</u>	8
<u>«Менің атым Қожа» фильмінің басты кейіпкерлері.....</u>	9
<u>Фильм жайлы қызықты деректер.....</u>	11
<u>Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары.....</u>	12
<u>Бердібек Соқпақбаев туралы жинақтар.....</u>	15
<u>Бердібек Соқпақбаев туралы мақалалар.....</u>	15
<u>Ғаламтор бетінен.....</u>	18
<u>Бердібек Соқпақбаев туралы ой-толғам.....</u>	19



## Құрастырушыдан

«Жазсаң, Бердібекше жаз. Әрнені, соның ішінде сөз өнерін күрделендіру оңай, жеңілдету қиын», - бұл менің «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа» шығармаларын арасына күн салмай бірінен соң бірін оқып шыққандағы қимастық пен балалық шаққа деген сағыныштан туған сөздерім болатын...

Оқиғаны, образды, әңгімені Бердібекше кестелей алмаған соң бекер, нағыз қазақы желі-жүйе, әңгіменің ауанын тігісін жатқыза жеткізу осындай болса керек. Бердібек Соқпақбаевты оқымай балалық шақтан болашаққа қадам баспаған адам кемде-кем шығар, бәлкім.

Әр оқырман қазақ әдебиетінің сан алуан інжу-маржанымен танысып, әлем әдебиетінің классиктерін оқып шықса да, балалық шағының сүйікті кейіпкеріне айналған Қожаны, оны жазып қалдырған Бердібек Соқпақбаевты іздейтіні сөзсіз.

Жазушының шығармаларын оқып отырып бір уақытта мұңая да, қуана да аласың, сағынып та, армандап та үлгересің. Осындай сан алуан сезімде отырып, «Бердібекше сөз жазу, ой тербеу деген...» деп таңдай қағасың, толқисыңда жазу стиліне қызығасың, эх, шіркін! Классик қой о кісі деп мақтаныш сезіммен тамсанасың.

Қымбатты оқырман, ұстаздар мен кітапханашылар қазақ әдебиетінің классик жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай құрастырылған библиографиялық көрсеткішпен танысып, сіз де балалық шағыңызға саяхат жасаңыз!

## Өмірбаяны

Б.Соқпақбаев мектеп бітіргеннен кейін әскерге барып, кейіннен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына оқуға түскен. Институтты бітіргеннен кейін Мәскеудегі жоғары әдеби курстарын аяқтаған.

Еңбек жолын өзінің туған өлкесі Нарынқолда бастады. Біраз жыл ауыл мектебінде ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеуге ден қойған. Балалармен бірге жұмыс істегені оның балалар әдебиетіне тың серпіліс әкелуіне ықпалын тигізген. Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастаған. Олар «Лениншіл жас», «Қазақ пионері», «Пионер» журналдарында басылып тұрды. 1950 жылы «Бұлақ» атты жыр жинағын шығарған.

Жазушы «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» газет-журналдарының редакциясында сондай -ақ, Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып жұмыс істеген.

Шығармалары: 1951 жылы «Он алты жасар чемпион», 1952 ж. «Бақыт жолы», 1953 ж. «Алыстағы ауылда», 1957 жылы жазылған «Менің атым Қожа» (Меня зовут Кожа) повесі балалардың сүйіп оқитын шығармасына айналып, орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылған.


Сондай-ақ, 1957 жылы «Өзім туралы», «Жекпе-жек» повестерін жазған. 1958 жылы «Бозтөбеде бір қыз бар», 1960 жылы «Балалық шаққа саяхат» повесі (Путешествие в детство), «Дала жұлдызы», «Әпенденің айласы» және тағы басқа драмалық шығармаларын жазған, 1963 ж. «Аяжан» 1965 жылы орыс тіліне аударылған, 1966 ж. «Қайдасың, Гауһар?» (Где же ты, Гауһар?) повестерін жазды. 1967 жылы «Өлгендер қайтып келмейді» романының 1 томы, 1974 ж. 2 томы шыққан, 1969 жылы «Мертвые не возвращаются» орыс тіліне аударылған.



**Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев** – 1924 жылы 15 қазан Алматы облысының Нарынқол ауданындағы Қостөбе ауылында дүниеге келген. Қазақ балалар жазушысы. Орта мектепті осы ауылда бітірген. Анасынан 8 жасында айырылған. Жазушыны білім жолына ағасы Сатылған әкелген, ол оның білімге деген сүйіспеншілігін арттыра білген. Алайда, ағасы соғыс кезінде қайтыс болып, дүниеден ерте озған.



Жазушы Бердібек Соқпақбаев және зайыбы Бәшен Баймұрат Алматы, 1949 ж.





## «Менің атым Қожа» баспаға қалай дайындалды?

«Менің атым Қожа» повесі жайлы жазушының қызы [Самал Соқпақбаеваның](#) сұхбатынан: «Менің әкем – өмір бойы шындықты жазып өткен кісі. Өтірікті жаза алмаймын деп, тек шындықты бетке ұстап жүрген жазушы болды. «Менің атым Қожа» шығармасында қазақ ауылының сол кездегі жай-күйі мен халықтың тұрмысы ешбір бояусыз, қоспасыз, ауылдың дәл шынайы көрінісін келістіріп жазды. Өз уақытында бұл повестің жарыққа шығуына қатаң тыйым салынған болатын, мүмкін қазақ халқының тұрмысын нашар етіп көрсеткеннен шығар, кім білсін? Ол кездегі идеология деген мықты еді ғой. Бұл кітап жазылғаннан кейін осы себептермен шықпай қалды. Әкем Мәскеуге кеткенде осы шығармасын өзімен бірге алып кеткен. «Менің атым Қожа» повесін оқыған орыс жазушыларының бәрі таңғалып, мақтап, керемет жазылған дүние деп баға берген екен.

Мәскеудің сол кездегі үлкен әрі Кеңес Одағына әйгілі «Детская литература» деген баспасынан «Менің атым Қожа» алғаш рет басылып шықты. Әкем институтта оқып жүрген кезде өзіне сабақ берген, әлде институтқа жиі келіп жүрді ме, әйтеуір атақты Луи Арагон деген француз жазушысы болыпты. Сол жазушы «Менің атым Қожаны» қалай оқығанын білмеймін, мүмкін біреу аударып берген шығар, әкемнің аталған осы шығармасын қатты ұнатып, Францияға алып кеткен екен. Сөйтіп, «Менің атым Қожа» Францияның Париж қаласынан да басылып шықты. Міне, осыдан кейін ғана Ресейдің, шетелдің баспаларынан шыққан соң қазақ баспалары басқа тілге аударылып, басылып шыққан «Менің атым Қожа» жарық көре бастады. Қазір жұрттың бәріне әйгілі шығарманың өмірі осылай басталған».

1963 жылы «Қазақфильм» киностудиясында повесть желісі бойынша [Абдолла Қарсақбаев](#) көркем фильм түсірді. Бердібек Соқпақбаев фильм сценарийін Ниссон Залеранскиймен бірге жазған. Фильмнің көркемдік жетекшісі кинодраматург және кинорежиссер Ефим Арон.

1967 жылы [«Менің атым Қожа»](#) фильмі француздың әйгілі жастар мен балаларға арналған кинофильмдердің халықаралық Канн фестивалінде «Балаларға арналған ең үздік шетел фильмі» аталымын жеңіп алған және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталды.



Сонымен қатар, биыл «Бір ел – бір кітап – 2024» [республикалық акциясында](#) көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары жаппай оқуға ұсынылды. Және де балалар жазушысының 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтпек.

## «Менің атым Қожа» фильмінің кейіпкерлері

**Нұрлан Санжар** – фильмдегі басты кейіпкер Қожаның рөлін сомдаған Кеңес және қазақ киносының актері, сценарист, кинодраматург. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының кандидаты. Қазақстан кинематографистер одағының мүшесі. «Менің атым Қожа» фильмінен бөлек Шыңғыс Айтматовтың «Қош бол Гүлсары» шығармасының желісімен түсірілген фильмде Шора рөлін сомдаған.



**Бикен Ырымқызы Римова** - актриса, Қазақ КСР-нің халық әртісі. Фильмде Қожаның анасының рөлін сомдаған. 1943 жылы Алматы театр училищесін бітірген. 1940 жылдан өмірінің соңына дейін Алматыда «Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры» труппасында қызмет еткен. 1942 жылы театрда ойнаған тұңғыш рөлі – Ғ.Мүсіреповтің «Ақан Сері – Ақтоқты» трагедиясындағы Мәрзия рөлі. Қазақ кино өнерінің алтын қорына енген көптеген көркем фильмдерде елеулі рөлдерді сомдаған.



**Гүлнар Құрабаева** – фильмде Қожаның бала махаббаты Жанардың рөлін сомдаған. Г.Құрабаева политехникалық институтты аяқтап, инженер мамандығын алған кейін өз мамандығы бойынша жұмыс істеген.



**Марат Көкенов** - фильмде Сұлтан рөлін сомдаған, «Менің атым Қожа» фильмінен кейін киноға түспеген. Мектеп бітіріп, азаматтық борышын өтеп келген соң Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет еткен. Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетін бітірген. 1985 жылы өмірден озған.





**Кененбай Молданұлы Қожабекев** - актер, Қазақ КСР-нің халық әртісі. Фильмде Қожаның ұстазы Рахманов ағайдың рөлін сомдайды. 1950-1961 жылдары Республикалық балалар мен жасөспірімдер театрында қызмет істеген. 1958 жылдан бастап «Қазақфильм» киностудиясының актері. Театр және кинематография саласында белді рөлдерді сомдаған.



**Раиса Мәжитқызы Мұхамедиярова** - кеңестік және қазақстандық кино және театр актрисасы. Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері. Фильмде Қожаның сынып жетекшісі Майқанованың рөлін сомдаған. 1960 жылдан бастап «Қазақфильм» киностудиясының актрисасы. 1962 жылдан ҚазКСР Кинематографистер одағының мүшесі. 1995-2002 жылдары «Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының» актерлік құрамында болған. 2019 жылы 5 қарашада дүниеден өткен.



**Зағи Құрманбаева** - өнер жолын көркемөнерпаздар үйірмесінен бастаған. Фильмде Қожаның әжесінің рөлін сомдады. Театр сахнасында алғаш ойнаған рөлі - Илияс Жансүгіровтің «Кегіндегі» Үндемес. Аналар бейнесінің галереясын жасаған, өткір мінезді, тұрмыстық жанрдағы актриса. Қазақ драма театрында 1959 жылға дейін қызмет істеген.



**Юсуф Шамузов** – ұлты дүнген. Фильмде кішкентай Дәулеттің рөлін сомдаған. Ленинградтағы педиатриялық медициналық институтын бітіріп, кейін Дене шынықтыру институтын бітірген. 1983 жылдан бері Қазақстанның бокс құрамасының бас дәрігері.

## Фильм жайлы қызықты деректер

Басты кейіпкерді сомдаған Нұрлан Санжардың фильмде өз дауысы жоқ. Оның айтуынша, сегізінші сыныпқа дейін «р» дыбысына тілі келмегендіктен, орысша нұсқасында оның рөлін Марина Виноградова, ал қазақ тілінде Фарида Шәріпова дыбыстаған.

Фильмде Жұмағұлдың Дәулеті болып ойнаған - Юсуф Шамузов жайында фильмнің режиссері [Абдолла Қарсақбаев](#) өз естелігінде: «Бір ғана анадай жерде тұрған бөшкеден су әкелдіруге бір күн уақытымыз кетті. Бірде бара жатып, айдалаға жүгіріп кетеді, енді бірде өзі су ішіп, сосын жан-жағына шашып ойнай ма-ау, тіпті бірде даладағы көбелекті қуып кетіп қалды. Қойшы, әйтеуір, ақыр аяғында бүкіл тобымызбен көбелек қуып, бір қорапша көбелекті сыйға тартып, зорға көндіргенбіз», – деп түсірілім алаңындағы қызықты сәтпен бөліседі.



2022 жылдың 1 маусымында Астана қаласында [«Менің атым Қожа»](#) фильмінің басты кейіпкеріне арнап ескерткіш қойылды.

Ескерткіштің биіктігі - 183 см. Композицияның авторы – мүсінші Азамат Талапхан, идея авторы Мұрат Қожамқұлов.



## *Бердібек Соқпақбаевтың шығармалары*

1957

1. Соқпақбаев Б. Өзім туралы повесть / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. - 165 б.

1958

2. Соқпақбаев Б. Чемпион : повести и рассказы / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Казгослитиздат, 1958. - 175 с.

1960

3. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. - 111 б.

1962

4. Соқпақбаев Б. Путешествие в детство : повесть / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Казгослитиздат, 1962. - 168 с.

1963

5. Соқпақбаев Б. Компас / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Казгослитиздат, 1963. - 15 с.

1964

6. Соқпақбаев Б. Меня зовут Кожа : повести / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жазушы, 1964. - 244 б.

1965

7. Соқпақбаев Б. Аяжан / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жазушы, 1965. - 40 с.
8. Соқпақбаев Б. Меня зовут Кожа; Путешествие в детство / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жазушы, 1965. - 244 с.

1967

9. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді : повесть / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Жазушы, 1967. - 142 б.

1969

10. Соқпақбаев Б. Я еще вернусь : повести и рассказы / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жазушы, 1969. - 227 с.

1973

11. Соқпақбаев Б. Путешествие в детство : повесть / Б. Соқпақбаев ; пер. М. Балыкин. - Алма-Ата : Жазушы, 1973. - 208 с.

1974

12. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді : роман / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жазушы, 1974. - 345 б.

1976

13. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Жалын, 1976. - 488 б.

1979

14. Соқпақбаев Б. Бақыт бағы : әңгімелер / құраст. М. Гумеров. - Алматы : Жалын, 1979. - 256 б.  
15. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді : роман және әңгімелер / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Жазушы, 1979. - 464 б.

1980

16. Соқпақбаев Б. Меня зовут Кожа : повести / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жалын, 1980. - 496 с.

1984

17. Соқпақбаев Б. Мертвые не возвращаются : роман / Б. Соқпақбаев ; пер.: Ю. Домбровский, И. Щеголихин. - Алма-Ата : Жазушы, 1984. - 288 с.

1985

18. Соқпақбаев Б. Чемпион : повести / Б. Соқпақбаев ; пер.: Е. Сатыбалдиев, М. Балыкин. - Алма-Ата : Жалын, 1985. - 384 с.

1986

19. Соқпақбаев Б. Меня зовут Кожа : повести / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жалын, 1986. - 101 с.

1987

20. Соқпақбаев Б. Таңдамалы Т.1. Роман, повесть және әңгімелер / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Жазушы, 1987. - 448 б.

1989

21. Соқпақбаев Б. Путешествие в детство : повесть / Б. Соқпақбаев ; пер. М. Балыкин ; худож. В. Гинуков. - М. : Дет. лит., 1989. - 189 с.

1990

22. Соқпақбаев Б. Повестер, ертегілер / Б. Соқпақбаев / М. Тиесов. - Алматы : Жалын, 1990. - 480 б.  
23. Соқпақбаев Б. Путешествие в детство : повести / Б. Соқпақбаев. - Алма-Ата : Жалын, 1990. - 480 с.

1992

24. Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат : повесть, роман / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Балауса, 1992. - 528 б.

1999

25. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа : повесть, роман / Б. Соқпақбаев. – Астана : Елорда, 1999. – 468 б.

2001

26. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Жазушы, 2001. – 208 б.

2003

27. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа : повестер / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Атамұра, 2003. – 304 б.
28. Соқпақбаев Б. Әжесінің баласы : әңгімелер мен повестер / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Жазушы, 2003. – 240 б.

2004

29. Соқпақбаев Б. Қысқы ертегі : қазақ жазушыларының әңгімелері мен ертегілері. – Алматы : Жазушы, 2004. – 304 б.

2005

30. Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат : хикаяттар / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Раритет, 2005. – 320 б.

2006

31. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа; Балалық шаққа саяхат / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Балауса, 2006. – 344 б.

2014

32. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Өлке, 2014. – 208 б.
33. Соқпақбаев, Б. Балалық шаққа саяхат / Б. Соқпақбаев. – Алматы : Өлке, 2014. – 328 б.

2018

34. Соқпақбаев Б. Таңдамалы / Б. Соқпақбаев. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2018. - 1116 б.

2020

35. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа : повесть / Б. Соқпақбаев. - Нұр-Сұлтан : MugaBa, 2020. - 144 б.
36. Соқпақбаев Б. Ергежейлілер еліне саяхат : хикаят, әңгімелер / Б. Соқпақбаев. - Нұр-Сұлтан : MugaBa, 2020. - 96 б.
37. Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат : повесть / Б. Соқпақбаев. – Қарағанды : Qasym баспа үйі, 2020. - 334 б.

2021

38. Соқпақбаев Б. Жекпе-жек : повесть / Б. Соқпақбаев. - Қарағанды : Qasym баспа үйі, 2021. - 198 б.
39. Соқпақбаев Б. Аяжан : повесть пен әңгімелер / Б. Соқпақбаев. – Қарағанды : Qasym баспа үйі, 2021. - 86 б.

40. Соқпақбаев Б. Жасырынбақ; Компас; Балапан торғай; Ағаштар неге ашуланды; Аяқталмаған мәжіліс / Б. Соқпақбаев // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. – Алматы, 2021. - Т.4: Ғажайып құмыра. - 223-242 б.
41. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа / Б.Соқпақбаев // Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы / құраст.: Б. Қошым-Ноғай. – Алматы, 2021. - Т.7: Ортаншы ұл. – 260-362 б.

2022

42. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа / Б. Соқпақбаев. - Алматы : Мазмұндама, 2022. - 172 б.

### *Бердібек Соқпақбаев туралы жинақтар*

2005

1. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер / құраст. С. Соқпақбаева. - Алматы : Білім, 2005. - 208 б.

2015

2. Қирабаев С. Бердібек Соқпақбаев: естеліктер / С. Қирабаев // Өмір тағылымдары. - Алматы, 2015. – 426-435 б.

2019

3. Байғұт М. Бірегей Бердібектің бер бағасын... / М. Байғұт // Шығармалар жинағы. - Алматы, 2019. - Т.6: эсселер. – 80-85 б.

2021

4. Ергөбек Қ. Тұздықты тағдыр: Бердібек Соқпақбаев / Қ.Ергөбек // Адамның бір қызығы бала деген...: қазақ балалар әдебиеті мәселелері. - Нұр-Сұлтан, 2021. – 143-146 б.

### *Бердібек Соқпақбаев туралы мақалалар*

2014

1. Әкімханов М. Қарымды қаламгер еді : жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына - 90 жыл / М. Әкімханов // Ақиқат. - 2014. - 69-71 б.
2. Жоқтан бар етпеген қаламгер... : Бердібек Соқпақбаев - 90 // Бала тәрбиесі. - 2014. - 13-17 б.
3. Өтегенов Р. Қожаның құрдастары кімдер? : Б.Соқпақбаевтың туғанына 90 жыл / Р. Өтегенов // Ұлан. - 2014. - 8-9 б.
4. Қирабаев С. Бердібек ақындардың өлеңін пародиялап жүретін : Б.Соқпақбаевтың туғанына 90 жыл / С. Қирабаев // Ұлан. - 2014. - 9 б.
5. Мәмет С. Ақиқаттың адамы // Егемен Қазақстан. - 2014. - 5 б.
6. Досанова Қ. Қызылшекараға Бердібек аты берілсе... // Ұлан. - 2014. - 21 қазан. - 4-5 б.



7. Хан З. Бердібек көп, Соқпақбаев жалғыз // Айқын. - 2014. - 14 қазан. - 5 б.
8. Нүсіп А. Бердібек сөйлеп тұрғанда // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 10-16 қазан. - 6 б.
9. Тұрсынбайұлы Б. Шындықтан асқан көркемдік жоқ // Қазақ әдебиеті. - 2014. - 10-16 қазан. - 5 б.
10. Жайлыбаева Н. «Балалық шаққа саяхат» // Орталық Қазақстан. - 2014. - 6 қараша. - 4 б.
11. Балалар үшін жаралған жан // Балдырған. - 2014. - №10. - 3 б.

#### 2015

12. Нұрғали Р. Барлығы өтірік // Жұлдыздар отбасы. - 2015. - №4. - 36-38 б.

#### 2016

13. Мусина А. Қазақтың балалар жазушысы - Бердібек Соқпақбаев // Мектептегі кітапхана = Школьная библиотека. - 2016. - № 3. - 10-11 б.
14. Әбишева А. Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повестіндегі Қожа бейнесі // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - 2016. - №10. - 70-79 б.

#### 2017

15. Өтірігі жоқ өмір // Егемен Қазақстан. - 2017. - 28 тамыз. - 10 б.
16. Батыр Н. Тау басындағы адам // Қазақ әдебиеті. - 2017. - 10-16 қараша. - 6 б.
17. Оспан Б. Жазушы ағамен бір кездесу // Ақиқат. - 2017. - №12. - 127-128 б.

#### 2018

18. Жұмабай Н. Балалықтың бейкүнә бейнесі // Егемен Қазақстан. - 2018. - 21 наурыз. - 9 б.

#### 2019

19. Ораз Н. Бұлақтан басталған өзендер // Egemen Qazaqstan. - 2019 (№211). - 11 б.
20. Аупбаев Ж. Өтірігі жоқ өмір // Ана тили. - 2019 (№46). - 11 б.
21. Есмұрзаева, Ү. Қазақ балалар әдебиетінің бәйтерегі // ORTALYQ QAZAQSTAN. - 2019 (№131). - 7 б.
22. Ахметова, А. Это наше кино! // Казахстанская правда. - 2019. - 27 июня, № 121. - С. 12.

#### 2021

23. Қорғасбек Ж. Өзгеше ойлы қаламгер // Egemen Qazaqstan. - 2021. - 10 қараша (№214). - 13 б.

#### 2022

24. Жұмахан Н. Қара Көжеден қола Қожаға дейін // Ұлан. - 2022. - 7 маусым (№23). - 1 б.

25. Санжар Н. Соқпақбаев осы туынды арқылы бұл жердің иесі қазақ екенін айтып кетті... // Ақ желкен. - 2022 - № 8. - 29-33 б.

### 2023

26. Әбіш М. Қайдасың, Гауһар? // Egemen Qazaqstan. - 2023. - 16 наурыз (№51). - 21 б.

27. Есбалаева Р. «Ергежейлілер еліне саяхат» оқырманына қайта оралды // Қазақ әдебиеті. - 2023. - 16 маусым (№24). - 6-7 б.

28. Асқар А. Соқпақбаевтың Сұлтаны // Egemen Qazaqstan. - 2023. - 12 желтоқсан (№237). - 14 б.

29. Шимырбаева Г. Тот самый Кожа // Казахстанская правда. - 2023. - 10 февр (№28). - С. 10.

### 2024

30. Хасан А. Мерейлі мереке, баянды береке // Аіқун. - 2024. - 6 қаңтар (№1). - 9 б.

31. Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл // Балалар әлемі. - 2024 - №1. - 26-27 б.

32. Исабек Ұ. Соныға салған соқпақ : Бердібек Соқпақбаев – 100 // Egemen Qazaqstan. - 2024. - 29 қаңтар (№19). - 13 б.

33. Әбілқайыр Қ. Менің Бердібегім : эссе // Қазақ әдебиеті. - 2024. - 2 ақпан (№4). - 4-5,19 б.

34. Соқпақбаева С. Әкем шығармаларында тек шындықты жазды / сұхбат. С. Бауыржанқызы // Аіқун. - 2024. - 10 ақпан (№16). - 8 б.

35. Құлабай Н. Балалар әдебиетінің бәйтерегі // Egemen Qazaqstan. - 2024. - 29 ақпан (№42). - 11 б.

36. «Алдар көсе» өмірге қайта келді // Мөлдір бұлақ. - 2024 - № 2. - 4-5 б.

37. Әйгілі балалар жазушысы - Бердібек Соқпақбаев // Айгөлек. - 2024 - № 2. - 6-7 б.

38. Тұмабаева К. Қазақ балалар әдебиетінің классигі : Бердібек Соқпақбаев - біздің мақтанышымыз / К. Тұмабаева // Кітап & кітапхана = Книга & библиотека = Book & library. - 2024 - № 1. - 45-46 б.

39. Сатаева Б. «Көрікті ой, көркем тіл» // Дружные ребята. - 2024. - 12 март (№11). - С. 11.

40. Калымов А. Путешествие в детство // Казахстанская правда. - 2024. - 29 янв (№19). - С. 7.

41. Уюкбаева М. Эталон казахской литературы // Мысль. - 2024 - № 3. - С. 64-65.

*Ғаламтор бетінен:*

1. <https://egemen.kz/article/295831-ozgeshe-oyly-qalamger>
2. <https://astana-akshamy.kz/ozin-zhazyp-ozgeni-ojlandyrghan/>
3. <https://aikyn.kz/262552/samal-sok-pak-baeva---kem-shyg-armalarynda-tek-shyndyk-ty-zhazdy>
4. <https://egemen.kz/article/21747-biregey-berdibektinh-ber-baghasyn>
5. <https://egemen.kz/article/28242-beren-talant-berdibek>
6. <https://qazaq1913.com/2024/03/13/d-niege-berdibekti-bergen-lke/>
7. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1684540>
8. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/62895>
9. <https://www.youtube.com/watch?v=LWliVJ8hX6k>
10. <https://www.youtube.com/watch?v=zRtAQOjfUbg>
11. [https://www.youtube.com/watch?v=QEM5feER\\_DM](https://www.youtube.com/watch?v=QEM5feER_DM)
12. <https://www.youtube.com/watch?v=jcaGkwaA0n4>
13. <https://www.youtube.com/watch?v=MdZ0iiAZrMQ>
14. <https://odb-abai.kz/wp-content/uploads/2024/03/4-Berdibek-So-pa-baev.pdf>

## **Бердібек Соқпақбаев туралы ой-толғам**

*Бердібек Соқпақбаев кітаптарының соңғы беттерін жапқанда көркем шығарма оқып шыққандай болмайсың, өзіңнің ең тату-тәтті дос, жолдастарыңды ұзақ сапарға шығарып салғандай боласың. Қимайсың. Көңілің бұзылады. Бердібек Соқпақбаев шығармалары, міне осындай. Жазушы үшін бұдан асқан бақыт болуы мүмкін емес.*

**Қадыр Мырза Әлі**

*Бәріміз де бала болдық. Қазір есейдік, ересек тарттық. Дегенмен, сонау кезіміздегідей пәк емеспіз. Ал сол көңіл-күйімізді айна қатесіз бейнелеген «Менің атым Қожа» барлығымыз оқып шықтық. Біз соны жазған Бердібек ағамызға сол кезде-ақ балалық көңілдің Мемлекеттік сыйлығын сыйлап қойғанбыз...*

**Марат Қабанбай**

*Саясаттан сая іздемей, ресми идеологияны ықтамай өткен Бердібек шығармаларында өз тенденциясын берік ұстанып, сонысынан айнымай, ақиқатшылдықты темірқазық тұтты. Өзі қалтқысыз білетін өмірді ғана қалтқысыз жазып кетті. Артында өшпес мұралар қалдырған аса биік дарын, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев көзі тірісіндегідей ұстаздығынан жазбай, рухани тірлігін беретіні хақ. Өнерпаз атаулының өлместігі осында.*

**Мұзафар Әлімбаев**

*Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден-бекер шимайламайтын еді ғой. Жазады – түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән нәрсе.*

**Сафуан Шаймерденов**

*Бердібек Соқпақбаев – бірінші жақпен жазуды мықтап меңгерген жазушы. Мұның өзі оқиғаға өмірде болған қилы-қилы құбылыстарға сенімділікті, жазушының нақтылы оқиғаға тікелей қатысын танытады. Бердібектің «мені» маған қан-сөлі тамып тұрған өмір, бәріміз тіршілік етіп жүрген жер бетіндегі үлкенді-кішілі адамдардың әрекеті, болмаса қуаныш-күйініші боп көрінеді...*

**Тахауи Ахтанов**

*Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – «Менің атым Қожа» повесі...*


*Қожа бейнесі қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің «Том Совермен», Аркадий Гайдардың «Тимурмен», қазақ фольклорының Тазша баласымен тайталаспай-ақ, тіпті соларға жете қабыл жүргенінің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел ме?!*

**Қастек Баянбаев**



*Өзін жазып, өзгені ойландырган...*

 *Бұқар жырау, 30*

 *41-23-25*

 *odb\_abai@mail.ru*



